



БЕКІТЕМІН:
Мектеп мемлекеттік мектеңінде

Ж.С. Шалабаева
Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың күрылу кезеңі: 25.03 - 29.03.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жаксы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, кызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кенес, әнгімелесу	Баланың қабілеті жайлы әнгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бұрку". Мақсат-міндеттер: жана енбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз	"Төсектерді төсеуде күтушіге көмек көрсету" Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге деген ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа деген ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (енбек дағдылары)	"Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киуді үйрету; ойыншықтарды тәртіpte ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. Еңбеккорлықты,	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсөніштерін дымқыл шүберекпен сұртеміз". Мақсат-міндеттер: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сактауға үйрету: жендерді орап, шүберекті суланыз және құрғатып сыйыныз, ластанған кезде оны сумен шайыныз.	

	<p>бетінше анықтауга үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, осімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (еңбек дәгдышлары)</p>		<p>тәргісіздікті корс білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін күрметтесуге тәрбиелу. (еңбек дәгдышлары)</p>	(еңбек дәгдышлары)
	<p>КР. Гимнін орындауды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Өнер алды - қызыл тіл". Максат-міндеттер: балаларды жаңылтпаштармен таныстыра отырып, бар ықыластарымен түсініп, тындауға үйрету.</p>	<p>"Қазақ ою-орнектерінің орыннан тап" дидактикалық ойыны.</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларга казақтың ою-орнектерін ажыратып, кез келген кескіннің (такия, етік, ыдыс, белдік, кілемшे) бетіне дұрыс таңдалап, орналастырып, безендіруге ынталандыру; колдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту, қазақ ұлттық қолөнеріне қызығушылықты арттыру.</p> <p>Шарты.</p> <p>Педагог балалардың әркайсына такия, етік, ыдыс, белдік, кілемше кескінін және түрлі оюлардың үlestірмелі жинақтарын табақшаларга салып ұсынады.</p> <p>(коршаган ортамен танысу)</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Кебежені безендіру".</p>	<p>Үстел үсті ойыны. "Дойбы".</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>балалардың ойлау қабілетін, зейінін дамытады. Зеректікке баулиды.</p> <p>Ойынның максаты.</p> <p>Қарсыласының тастарын түгел жою немесе жүріс жолдарын бөгеп тастау.</p> <p>(танымдық дәгдышлар)</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Оюлы текемет".</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>балаларды дайын тіктортбұрыш, кошкар мүйіз дайындамасын қағаз бетіне оюлы текемет бейнесін құрастырып, желімнің көмегімен текеметтің сол жағына, ортасына және он жағына оюды жапсыруға үйрету.</p>

			Максат-міндеттер: балаларды кебеже сұлбасын қазактың оюларының элементтерімен безендірүте үрету; тіктөртбұрышты ортасына "тышқан ізін", бұрыштарына "балтаны", шеттеріне "ботакөзді" салу және орналастыру техникасын қалыптастыру.		
Ертенгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) 1. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстau. 1 - он аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталаңады. 2. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстau. 1 - секіртпені жоғары ұстau; 2 - онға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жакқа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталаңады. 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстap, отыру, секіртпені жоғары ұстau. 1-2 - енкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталаңады. 4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстau. 1 - 2 - он жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталаңады. 5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстap, алдына қою. 1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталаңады. 6. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде. Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дene тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстau). 1 - секіртпені алға қою, он аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталаңады. Жаттығу 6 рет қайталаңады. (дene шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Өнер туралы тақпактар жаттау, өнерлерін көрсету. (сөйлеуді дамыту және	Өнерлі, атақты тұлғалар жайлы әнгімелесу. (сөйлеуді дамыту және	Өнер туралы мақал-мәтеддер жаттау. (сөйлеуді дамыту және	"Өнерлі өрге жүзөр" тақырыбында әнгімелесу. (сөйлеуді дамыту және

		көркем әдебиет)	коркем әдебиет)	көркем әдебиет)	көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі үйым кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет		<p>Қазақ тілі "Музыкалық аспаптар шеберханасы. Наурыз мерекесі."</p> <p>Максат-міндеттер. Балалардың ұғымындағы Наурыз мерекесі туралы түсініктерін дамыту, Қазақстан халықтарының ұлттық музыкалық аспаптары туралы түсініктерін қалыптастыру; казактың ұлттық аспаптары: домбыра, кобыз, сырнаймен таныстыруды жалғастыру; балалайка, дутар жайлы түсінік беру; музыкалық аспаптар шеберінің еңбегі жайлы білімдерін қалыптастыру. Қазақтың ұлттық аспаптары мен Қазақстанда тұратын өзге ұлт аспаптарының атауларын еске сактауды үйрету; ұлттық музыкалық аспаптарға, казактың ұлттық мәдениетіне деген қызығушылықтарын дамыту; аспаптардың шығаратын үндерін дыбыстау арқылы артикуляцияларын дамыту;</p>	<p>Дене шынықтыру "Кімді мерген деп санаймыз?"</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың домбыра туралы түсініктерін кенейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғакты кимылдарды орындаі білу іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Музыка "Домбыра". (пысықтау) Максат-міндеттер: балаларды жетекшінің ауысуымен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуге үйрету.</p>	

		<p>еске сактау қабілетін, ой-өрістерін дамыту.</p> <p>Қазақстан халықтарының үлттық мәдениетіне деген достық қарым-катынасқа, үлкендердің еңбекіне құрметпен қарауга тәрбиелу.</p> <p>Музыка "Домбыра".</p> <p>Максат-міндеттер:</p> <p>балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін калыптастыру; ыргакты кимылдарды орындаі білу іскерліктерін жетілдіру.</p>		
--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалалауш арқылы табуға үйрету.				
Серуен		<p>Аққайыңның шырын белген уақытын бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Тақпақ.</p> <p>Көк орманда көп ағаш.</p> <p>Өскен жақсы аралас.</p> <p>Ең әдемі меніңше Құс ұсыс бар ағаш.</p> <p>Бақылау. Балалардың</p>	<p>Ағаштардың гүлденуін бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Жұмбактар.</p> <p>Жаз болса жайнап,</p> <p>Саясында ән салып,</p> <p>Құстар жүрген сайрап.</p> <p>Бұл не?</p> <p>(Ағаш)</p> <p>Жазда жатсан –</p>	<p>Қылқанды ағаштарды бақылау (қарагай, шырша). (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Кар су болып жөнелді,</p> <p>Қалды дала жалаңаш.</p> <p>Күн нұрына кенелді,</p> <p>Бүршік атып бар ... (Ағаш)</p> <p>Тақпақ.</p>	<p>Теректі бақылау. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Тақпақ.</p> <p>Гүлдерге толы ауламыз,</p> <p>Біз өсеміз, толамыз.</p> <p>Бәріміз де ер жетіп,</p> <p>Үлкен жігіт боламыз.</p> <p>Бақылау.</p> <p>Терек – ағаштардың бір түрі екені туралы түсінік</p>

	<p>назарын ақ қайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық козғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген кардың сүйін тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық корының еруінен пайда болатын ерітінді.</p> <p>Балалардың қызыгушылығы мен кабілетін дамыту.</p> <p>Табиғатка деген сүйіспеншілігін ояту.</p> <p>Кимылды ойын. «Орман дақтары». (dene шынықтыру)</p> <p>Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ойын шарты бойынша. Ағашқа арқасын беріп тұрган, кос колымен ұстасып тұрган баланы козғауға болмайтынын айту.</p> <p>Ойынға деген кызыгушылықты арттыру.</p> <p>Еңбек. Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту, еңбекке тәрбиелеу. Жалпы</p>	<p>көленкесіне алады, Қыста жатсан – жаның рахат табады. (Ағаш)</p> <p>Бақылау. Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырак шықты, кейін гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты корғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйіндіру.</p> <p>Кимылды ойын. «Домалақты жерге түсіріп алма».</p> <p>(dene шынықтыру)</p> <p>Берілген дыбыс бойынша касықты қолына алады.</p> <p>Қасыққа кішкентай домалак шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу.</p> <p>Еңбек. Аландағы жұмыстар. Жасаған құс ұясын ағашқа орнату.</p> <p>(eңбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар. (dene шынықтыру)</p> <p>«Доппен ойнаймыз».</p>	<p>Алма ағаштың құшагы – Қанат жайған бұтагы. Жапырағы жүрегі, Бұтқастары білегі.</p> <p>Бақылау.</p> <p>Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үрету. Балабакша аймағындағы өсіп жаткан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу.</p> <p>Кимылды ойын. «Жіпті көтеру». (dene шынықтыру)</p> <p>Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу.</p> <p>Kім бірінші болып мәреге келіп, жіпті бірінші болып тартып алса, сол женімпаз. Баланың шапшандығы мен ептілігін дамыту.</p> <p>Еңбек. (eңбек дағдылары)</p> <p>Табиғат бұрышындағы жұмыс. Гүлдерді отырғызу.</p> <p>Балаларды жерді қопсытып, суаруга үрету.</p>	<p>беру, табиғатка сүйсінуге тәрбиелеу.</p> <p>Кимылды ойын.</p> <p>«Түйілген орамал».</p> <p>(dene шынықтыру)</p> <p>Шенберге тұрып, екі колмен түйілген орамалды қағып алу, икемділіктерін арттыру. Ойын барысында достық және құрдастар арасында қарым-катасты, ойын шартын сактауға үрету.</p> <p>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс.</p> <p>Көшетті суару. Су бүркакпен жапырактарға су себелеу.</p> <p>Балаларға табиғат бұрышындағы гүлдерді суарту, бүркіп шашу әдісін үрету. Үлкендерге көмек көрсеткеніне риза болып, мадактау. Еңбек етуге деген онды катынаска тәрбиелеу.</p> <p>(eңбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Балалардың ойын тақырыбын өз бетінше тандап алуы, шығармашылық қаблеттерін, кимыл-эрекеттерін дамыту.</p> <p>(dene шынықтыру)</p>
--	---	--	--	---

		<p>пайда үшін енбектенуге үйрету. (енбек дағдылары)</p> <p>Өз бетімен ойындар. (дene шынықтыру)</p> <p>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді колдана білуге ынталандыру.</p>		<p>Улкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. (дene шынықтыру)</p> <p>Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.</p>	
Серуенниен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен сон күтілдірілген ойындарды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қаруу және басқалар)		<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Жиһазға арналған қалың және жұқа тақтайшалар". Максат-міндеттер: балалардың заттардың қалындығы туралы білімдерін кенейту, "ен қалың", "жұқалашу", "ен жұқа" ұғымдарын жетілдіру.</p> <p>«Қолымда не бар?» ойыны. Максаты. Мынадай ұғымдарды пысықтау: ұзын - қыска, жуан - жіңішке, үлкен - кіші, он - сол; кеңістік</p>	<p>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Шеберлер елі". Максат-міндеттер: балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыра отырып, ою-өрнек жөніндегі мәліметтерді зейін қойып, мұқияттыңдауга үйрету.</p> <p>"Қызы күү" ұлттық ойыны. Максат-міндеттер: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауга үйрету,</p>	<p>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу "Төлдер". Максат-міндеттер: төрт түліктің төлдерін бір-бірінен ажыратып, атайды білуге үйрету.</p> <p>Сөздік жаттығуы. "Төлдерін ата". Бір үстелде отырған балалар жұбына, екі жабайы аңын өнелері мен төлдері бар екі жұп суреттері арапастырылып ұсынылады. Үстел басында отырған бала кез келген жабайы аңын</p>	<p>Ұлттық ойын. Бес тас «Бестас» - өте көне дәуірден келе жаткан, казак халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынга керекті зат бес кішкентей домалақ тас немесе кейде бес асық пайдаланылады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу қойылмайды. Кемінде екі адамнан басталады. Ойынға қатысушылар дөңгелене отырады. Ойнау үшін колға епті, ұстауга ынгайлыштар таңдалып алынады. Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты тандап</p>

	<p>түсінікті пысықтау, кимылды, түсіну сезімдерін дамыту. Керекті материалдар. Табиғи материалдар: ұсак тастар, жанғактар, таяқшалар. Ойынның мазмұны. Балалар колын артына ұстайды. Тәрбиеші онын колына ұлкендігі түрліше, бірақ тегі бірдей екі затты, мысалы, үлкен және кіші тасты ұстатады. Балалар колына қарамастан, он колында үлкен тас, сол колында кіші тас бар екенін айтуға тиіс. Балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Енді тәрбиеші екінші баланың колына жуандығы бірдей, ұзындығы әртурлі екі таяқша немесе жуандығы әртурлі, ұзындығы бірдей екі карындаш ұстатады. Топ алдына шақырылған әрбір бала бір-біріне ұксас 2-3 жаттығу орындарды. Ешқандай категік жібермеген балалар женімпаздар болып есептеледі.</p>	<p>ұлттық ойындарға деген қызығушылыққа тәрбиелу. (dene шынықтыру)</p>	<p>енесі мен төлінің жұбын құрастырады. Жұп құрастырылғаннан кейін, әрбір бала жабайы анды және төлін айтады. (коршаған ортамен танысу, сўйлеуді дамыту)</p>	<p>алады. Алған тасын жоғары лақтырып жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жаңына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонаң соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. (математика негіздері)</p>
--	--	--	--	--

Балалармен жеке жұмыс	<p>Дидактикалық ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр»</p> <p>Максат-міндеттер: балалар кез келген заттың ортақ атауы болатынын түсінеді. (сөйлеуді дамыту, қазак тілі)</p>	<p>М. Монтессори технологиясымен жұмыс.</p> <p>Максат-міндеттер: Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізеді.</p> <p>(Математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Қандай пішіндер жасырынды?» дамытушы жаттығуы.</p> <p>Максат-міндеттері. Түстер мен пішіндерді қабылдаудың; зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Кұралдар: көлемдері бірдей геометриялық пішіндердің түрлі түсті модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.</p> <p>Барысы.</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, пішіндер сендермен бірге тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы. <p>Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндердің атауларын атайды.</p> <p>(математика негіздері)</p>	<p>«Телефон» ойыны</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың киялын және диалогтік сөйлеуін дамыту. Педагог балаларға жұмбак жасырады.</p> <p>Керек санды тересін, Елге сәлем бересін. (Телефон.)</p> <p>Педагог әр командадан екі баланы шакырады. Өр жұп үшін жағдай мен әнгіме тақырыбы ұсынылады. Жұп қарсылас командалардың мүшелерінен тұрады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Досынды туган күнімен құттықтау. 2. Тәрбиешіге балабақшага не үшін келмегенінді түсіндіру. 3. Досынды сырғанак тебуге шақыру. 4. Жаңа достармен танысу. 5. Досынның сүйікті ойыншығын сындырып алғаның үшін кешірім сұрау. <p>(сөйлеуді дамыту)</p>
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Әрбір баланың тәрбиесі жайында сөйлесу.	Баланың кабілеті жайлы әнгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек" әнгімелесу.	Жоба қорытындысын шығарып, ата-аналарға нәтижесін хабарлау.